





«Бізге жазыңыз» электрондық қызметін алушыларға жадынама

Алматы, 2026 жыл



БЖЗҚ сайтында «Бізге жазыңыз» электрондық қызметін қалай табуға болады

 БЖЗҚ веб-сайтында орналасқан «Бізге жазыңыз» электрондық қызметі арқылы сұраныс жіберу үшін, Интернет-ресурстың басты бетіне өту керек: <https://www.enpf.kz/kz/>



The screenshot shows the top navigation bar of the ENPF website. The logo is on the left, followed by links for 'Online services', 'National Fund - Children', 'invest.enpf.kz', and 'PRO ENPF'. On the right, there are links for 'Return to our page', language options (Kaz, Rus, Eng), and a '1418 Contact Center' indicator. Below the navigation bar, there are buttons for 'Statistics and Analytics', 'Services', 'Public Portal', 'Contacts', and 'FAQ'. A search bar and a 'Write to us' button (highlighted with a red border) are also present, along with a 'Personal Cabinet' button. The main content area features a large heading 'Managing Pension Assets' and a paragraph of text. A decorative graphic with coins and an upward arrow is on the right. A 'Read more' button is located below the text. Navigation arrows are at the bottom left.

Онлайн қызметтер Ұлттық қор – балаларға invest.enpf.kz PRO ЕНПФ

Нашар көретіндерге нұсқа Қаз Рус Eng 1418 Байланыс орталығы

СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АНАЛИТИКА ҚЫЗМЕТТЕР БАСПАСӨЗ ОРТАЛЫҒЫ БАЙЛАНЫСТАР СҰРАҚ-ЖАУАП

Сайттан іздеу Бізге жазыңыз Жеке кабинет

Зейнетақы активтерін басқару

Қазақстанда зейнетақы жинақтары жүйесі салымшыларға қаражатты болашаққа қалдыруға ғана емес, сонымен қатар инвестициялық портфельді басқарушыны (ИПБ) таңдауға да мүмкіндік береді. Әдетте Сіздің зейнетақы активтеріңізді ҚР Ұлттық Банкі басқарады. Бірақ Сіз міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының 50%-ын және ерікті зейнетақы жарналарының 100%-ын ИПБ сенімгерлік басқаруына бере аласыз.

Толығырақ


< >



Сіздің сұранысыңыз қаралу үшін, Сізге келесі жолдарды дұрыс толтыру қажет:

- **Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған жағдайда)** – толық мәліметтеріңізді көрсетіңіз
- **Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)** - сәйкестендіру нөмірі Сізді салымшы ретінде сәйкестендіру үшін қажет
- **Резиденттік белгі** – Қазақстан Республикасындағы Сіздің резиденттік белгіңіз
- **Туған күні, айы және жылы** - туған күніңізді енгізіңіз
- **Сұраныстың тақырыбы** - ашылмалы тізімнен сұранысыңыздың санатын таңдаңыз (мысалы, жинақталған зейнетақы төлемдері бойынша кеңес беру, шоттан үзінді көшірме алу және т.б.)
- **Сұраныстың мәтіні** – сұрағыңыздың мәнін мүмкіндігіңізше анық және қысқаша мазмұндаңыз
- **Электрондық пошта мекенжайы** – осы мекенжайға БЖЗҚ-дан жауап келеді, оның өзектілігіне көз жеткізіңіз
- **Өңір (Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты соңғы тіркелген мекенжай)** – өзіңіздің тұрғылықты мекенжайыңызды көрсетіңіз

Бізге жазыңыз



Аты-жөніңіз ҚР резиденті?

ЖСН Туған күніңіз

Тақырыбы




Хабарламаңыз

Сіздің жеке E-mail Өңір (ҚР-дағы тұрғылықты жері соңғы тіркелген орын)

Жіберу

БЖЗҚ мобильдік қосымшасында «Бізге жазыңыз» электрондық қызметін қалай табуға болады

Мобильдік қосымша арқылы сұраныс жіберу үшін Сізге басты беттегі «Қызметтер/Бізге жазыңыз» бөліміне өту қажет:



БЖЗҚ мобильдік қосымшасындағы «Бізге жазыңыз» электрондық қызметінің нысаны



Сіздің сұранысыңыз қаралу үшін, Сізге келесі жолдарды дұрыс толтыру қажет:

- **Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған жағдайда)** – толық мәліметтеріңізді көрсетіңіз
- **Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)** - сәйкестендіру нөмірі Сізді салымшы ретінде сәйкестендіру үшін қажет
- **Резиденттік белгі** – Қазақстан Республикасындағы Сіздің резиденттік белгіңіз
- **Туған күні, айы және жылы** - туған күніңізді енгізіңіз
- **Сұраныстың тақырыбы** - ашылмалы тізімнен сұранысыңыздың санатын таңдаңыз (мысалы, жинақталған зейнетақы төлемдері бойынша кеңес беру, шоттан үзінді көшірме алу және т.б.)
- **Өңір (Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты соңғы тіркелген мекенжай)** – өзіңіздің тұрғылықты мекенжайыңызды көрсетіңіз
- **Электрондық пошта мекенжайы** – осы мекенжайға БЖЗҚ-дан жауап келеді, оның өзектілігіне көз жеткізіңіз
- **Сұраныстың мәтіні** – сұрағыңыздың мәнін мүмкіндігіңізше анық және қысқаша мазмұндаңыз

17:39 100%

← Бізге жазыңыз

ТАӨ енгізіңіз:

ҚР резиденті

ЖСН енгізіңіз:

Туған күніңіз:

Тақырыпты таңдаңыз: ▾

Аймақты таңдаңыз: ▾

E-mail енгізіңіз:

Өз мәтініңізді енгізіңіз:

«Бізге жазыңыз» электрондық қызметінде сұранысты тіркеу туралы хабарлама жіберу

Сұранысыңыз БЖЗҚ-да сәтті тіркелгеннен кейін, оның орындалу барысын бақылау мен мониторингілеуді қамтамасыз ету үшін, оған автоматты түрде нөмір беріледі. Осыған орай, Сіздің электрондық пошта мекенжайыңызға Сіз таңдаған тілде тіркелген сұрау нөмірі көрсетілген хабарлама жіберіледі:

«Құрметті тұтынушы!

Сіздің сұранысыңыз Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында № _____ тіркелді. Сізге жауап 3 жұмыс күн ішінде беріледі. Қосымша мәліметті қажет ететін жағдайларда жауап берудің уақыты 15 жұмыс күнге дейін созылуы мүмкін. Қолжетімділігі шектелген ақпаратты (құпия ақпарат) алу қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 63-бабына сәйкес рәсімделген сұраныс жолдау қажет.

Хабарласқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Бұл хабарлама автоматты түрде жасалды және жауап берудің қажеті жоқ.»

* Шағым сипатындағы өтініштерді жіберу тәртібі



Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің талаптарына сәйкес шағымды/арызды (әкімшілік рәсімге қатысушының немесе басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын немесе Сіздің заңды мүдделеріңізді немесе әкімшілік актімен, әкімшілік әрекетпен/әрекетсіздікпен бұзылған құқықтарды қалпына келтіру/іске асыруға жәрдемдесу немесе қорғау туралы талабын қамтитын өтінішті) келесі тәсілдердің бірімен жолдауға болады:



электрондық цифрлық қолтаңба бар болса, шағымды электрондық нысанда «Е-өтініш» электрондық жүйесі арқылы жіберу, бұл Сізге шағымыңыздың қаралу барысын бақылауға және берілген жауаптың сапасын бағалауға мүмкіндік береді (<https://eotinish.gov.kz/auth/login>);



ӘРПК-нің 93-бабының талаптарын сақтай отырып, «БЖЗҚ» АҚ-ға қағаз тасымалдағышта шағым беру;



пошталық байланыс арқылы жолдау/ келесі мекенжай бойынша қолма-қол беру: А25С9Х9, Алматы қ., Самал-2 ш/а, №97 үй, №13 тұрғын емес үй-жай (пошталық хат-хабар үшін) не болмаса «БЖЗҚ» АҚ-ның кез келген өңірлік бөлімшесіне беру, «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің орналасқан жерлері туралы ақпаратпен келесі сілтеме бойынша танысуға болады: <https://www.enpf.kz/kz/contacts/tsentralnyy-apparat>.

«Бізге жазыңыз» электрондық қызметіне жауап алу мерзімдері мен әдістері



Қарау мерзімі* сұрақтың күрделілігіне байланысты, бірақ БЖЗҚ азаматтардың өтініштерін өңдеу ережелері шеңберінде ақпаратты мүмкіндігінше тез беруге тырысады (орта есеппен 3 жұмыс күні ішінде).

* Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76-бабының 1-тармағына сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, жолданым негізінде қозғалған әкімшілік рәсімнің мерзімі жолданым келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.



Дайындалған жауаптың сканерленген көшірмесі бар хабарлама (PDF файлда) сұраныста көрсетілген мекенжайға электрондық пошта арқылы жіберіледі.

№ 00002



2026 ж. «14» сәуір

Аты-жөні: ****

Электрондық пошта: @mail.ru

ЖСН: ****

Туған күні: ****

Өңір: Алматы қаласы

Тақырып: Тұтынушылардың деректемелерін өзгерту

Хабарлама: тел номер ауыстыру қосымшадан

Құрметті ** !**

Сіздің 14.04.2026 жылғы «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) тіркелген №00002 сұранысыңызға жауап ретінде төмендегіні хабарлаймыз.

БЖЗҚ сайтына немесе мобильді қосымшасына жеке тұлғаның Жеке кабинетіне құпия сөзді пайдалана отырып, немесе ЭЦҚ арқылы немесе eGov ұялы қосымшасы арқылы кірініз.

Авторлану сәтті аяқталғаннан кейін, «Қызметтер» бөліміне өтіп, «Қосымша деректемелерге/банк деректемелеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу» қызметін пайдаланыңыз.

Тісті өзгерістерді енгізіп, «Сақтау» түймесін басыңыз, монитор экранында «Деректер сәтті өзгертілді» деген хабар пайда болады.

Біз Сізге жинақтаушы зейнетақы жүйесіне және БЖЗҚ қызметіне қатысты сұрақтар бойынша 1418 телефоны арқылы (Қазақстан Республикасының қалалық телефондары мен ұялы операторларынан қонырау шалу тегін) және +7 (727) 356-10-60 (қалааралық және халықаралық) қонырау шалулар арқылы кеңес беруге дайынбыз, сонымен қатар 8-777-000-14-18 нөмірі бойынша What's App мессенджерлері, Viber чат ([viber://pa/info?uri=enpf](https://pa/info?uri=enpf)) Telegram (<https://t.me/ENPFbot>) мен Facebook (<https://m.me/enpf.kz>) және ВКонтакте (<https://vk.com/enpfkz>) әлеуметтік желілері арқылы ақпарат бере аламыз.

Хабарласқаныңыз үшін рақмет!

Құрметпен, «БЖЗҚ» АҚ

орынд. _____

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бұл хат жауап беруді талап етпейді.



Рақмет!

